2. Жаңа сөздерді аударыңдар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырыңдар.

бақылап отыру
сену

арнайы
біраз

жылжу
мазақтау

3. Мына сөз тіркестерін оқыңдар.

Арманның ісі — дело рук Армана
әлсін-әлі — часто
ұшатын тәрелке — летающая тарелка
ішің пыспай ма? — тебе не скучно?
аспан әлемі — небесный мир
ұшып келе жатқан — летящий

4. Мына сөздерге сұрақ қойыңдар.

Үлгі: *парашютті — нені?*
бұлттарга
жерден
бұлттан
Арманды
кітапты
жолга
аулада


5. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Бақылау — 1) *наблюдать, следить*

Құстарды бақылау, өсімдіктерді бақылау. Бала бұлттарды бақылады.

2) *контроль, контролировать*

Бақылау жұмысы, бақылау жүргізу. Біз бақылау жұмысын жаздық.



6. Мәтінді оқындар.

ТАПҚЫШБЕК АРМАН

Бораш пен Секен тоғайдан шыққанда, ұшып келе жатқан кішкентай парашютті көрді.

— Мынау Арманның ісі ғой, — деді Бораш.

Арман ағаштың басында отыр еді. Әлсін-әлі бұлттарға қарайды.

— **Не қарап отырсың, Арман?** — деп сұрады Бораш.

— **НЛО-ны бақылап отырмын.**

— **НЛО деген не?**

— **Ұшатын тәрелке.**

— **Соған да сенесің бе?**

— **Сенемін.** Көрген адамдар бар ғой. Ойламаған жерден¹ көріп қалған. Ал мен арнайы бақылауға алдым. Екі сағат болды отырғаным,— деді Арман.

— **Көрдің бе енді?**

— **Көруге шақ қалдым². Бір рет бұлттан көрінгендей болды.**

— **Соқ өтірікті!** Арман ұшатын тәрелке көріпті, ха-ха-ха,— деп Бораш Арманды мазақтады.

— **Ішің пыспай ма сенің, Арман?** — деді Секен.

— **Қайдағы!** Аспан әлемі ғажайып. Бұлттар неше түрлі болады еken. Біресе аю сияқты, біресе қой сияқты. Міне, енді үлпілдек ақ мақта сияқты. Бірде баяу жылжиды, бірде тез жылжиды.

— Бұлтты көрмедің бе? Менде қызық кітап бар, Наоми Уемура туралы, — деп Бораш кітапты көрсетті.

— «Солтүстікпен жекпе-жек» пе? Оқығанмын, — деді Арман.

— Ал жолға дайындалдың ба?

— Бәрі дайын, карта да дайын.

— Жүр, кеттік онда.

— Жоқ, бармаймын. Әлі де біраз бақылаймын.

Бораш пен Секен Жабынның үйіне келді. Аулада Жабынның ағасы Сатай жүр еken.

— Жабын қайда?

— Ұйықтап жатыр.

— Қызық еken. Ал жолға дайын ба?

— Дайын. Кеше бәрін дайындал қойған.

¹ *Ойламаган жерден* — неожиданно

² *Көргөш шақ қалдым* — чуть-чуть не увидел

7. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. Арман не істеді? Мәтіннен тауып оқындар.
2. Бұлттар қалай суретtelген? Дәптерлеріне тауып жазындар.
3. Балалар қандай? Тиісінше жалғаңдар.

Бораш	ұйықтағанды	жақсы көреді
Арман	мазақтағанды	жақсы көрмейді
Секен	кітап оқығанды	сенеді
Оңғар	табиғатты бақылағанды	сенбейді
Жабын	НЛО-ға саяхатқа	жақсы дайындалған

8. Мәтіннің қарамен жазылған бөлігін жаттап алындар және бірің Арман, бірің Бораш болып рөлмен айтып тапсырындар.

9. *Pас, өтірік* немесе *білмеймін* деп жауап беріңдер.

- а) Бораш ағашта отырды.
- ә) Жаңбыр жауып тұрды.
- б) Арман «Солтүстікпен жекпе-жек» деген кітапты оқыды.
- в) Жабын ұйықтап жатты.
- г) Жабын жолға дайын.
- ғ) Секеннің туған күні қашан?

1. Фонетикалық жаттығулар.

жиналу — жиналған шығар
 ұйықтау — ұйықтаған шығар
 ояну — оянған шығар
 сену — сенген шығар
 білу — білген шығар

жіберу — жіберген шығар
 ашу — ашқан шығар
 жабу — жапқан шығар
 күту — күткен шығар
 кету — кеткен шығар

2. Жаңа сөздерді аударындар және әрқайсысымен сөз тіркестерін не сөйлем құрастырындар.

ояну	балта	кенет	шеге	сапар
кулу	таң қалу	бәрі	қайла	орак

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Ұйықтап жатқан шығар — наверное, спит.

Осы кезде — в этот момент.

Дәм татындар — угощайтесь.

Ең соңынан — в самом конце.

Бәрі күліп жіберді — все засмеялись.

Жолдарың болсын — счастливого пути.

Тілек айтты — пожелали.

4. Қазақшаға аударындар.

Аулада тұрған рюкзак, бері келіндер, отыра кетті, ду күлді, бір уыс, таң қалды, өзіңе сенеміз, туған күн.

5. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Құрт — 1) *червяк*

Жаңбыр құрты, құрт-құмырсқа. Ағашты құрт жеді.

2) *курт*

Тұз құрт, дәмді құрт. Әжем айраннан құрт жасайды.

Салу — 1) *класть, положить*

Сөмкеге салу, тамаққа салу. Бала қағазды қалтасына салды.

2) *рисовать*

Сурет салу, құсты салу, анды салу. Ол гүлдің суретін салды.

3) *строить*

Үй салу, қора салу. Құрылышшылар биыл көп үй салды.



6. Оқындар.

3. САЯХАТ БАСТАЛДЫ

Саяхатшылар таңғы 7-де Бораштың үйінің алдында жиналды. Бірақ Бораш көрінбейді.

— Бораш қайда? — деді Онғар.

— Үйықтап жатқан шығар, — деді Жабын.

Осы кезде үйдің есігі ашылып, Бораштың мамасы шықты.

— Үйге кіріңдер. Дәм татындар. Бораш қазір оянады, — деді.
Мәди ағай кенет аулада тұрған рюкзакты көрді.

— Балалар, кәне, бері келіндер, — деді ол шәкірттеріне¹.

Рюкзакты Жабынның арқасына салып еді², ол қирайланғап барып³ жерге отыра кетті.

Мұны көрген балалар ду күлді.

— Мұнда не бар екен, көрейік, — деп Мәди ағай рюкзакты ашты.

Ең алдымен ұзын арқан шықты. Сосын қайла, балта, бір уыс шеге, рогатка, орак, көрпеше⁴, жылы киім, бір дорба құрт, ет. Балалар:

— О-хо-хо... о, — деп таң қалды.

Содан соң үлкен магнит, лупа, солдат белдігі, фотоаппарат. Ең соңынан бес килограмдық екі гантельді көргендеге, бәрі күліп жіберді. Дәм татқан соң, Бораштың мамасы:

— Мәди шырағым, өзіңе сенеміз, сондықтан ғана жіберіп отырымын, — деп көзіне жас алды⁵.

Осы кезде Секеннің атасы келді.

— Балам, Мәди, осы ісің маған ұнап отыр. Он сапар тілеймін⁶. Мына балалар туған жерін жақсы білсін, көрсін. Жолдарың болсын, — деп тілек айтты.

¹ Шәкірттеріне — своим ученикам.

² Арқасына салып еді — нагрузил на плечи.

³ Қирайланғап барып — шатаясь.

⁴ Көрпеше — маленькое одеяло.

⁵ Көзіне жас алды — прослезилась.

⁶ Он сапар тілеймін — желаю счастливого пути.

7. Сұрақтарға жауап беріндер.

- а) Жабын неге жерге отыра кетті?
- ә) Рюкзакта не болды?

8. Тапсырмаларды орындаңдар.

Диалог құрындар және айтып беріндер

а) — Сәлеметсіз бе?!

- ...
- Үйге ...
- Рахмет.
- Дәм ...

ә) Ақан басқа қалаға кетіп бара жатыр.

- Ақан, сен жолға не алдың?
- Мен бір уыс ..., ..., ..., ...,
- Барған соң телефон соқ.
- Иә,
- Жолың
- Рахмет.

9. Мына сөздерге антоним тауып жазындар.

Ұлғі: шықты — кірді

Келді, оянды, салды, отырды, ашты, әкелді, тапты.

10. Теріп жазындар.

- а) Бораң саяхатқа қалай дайындалды?
- ә) Рюкзакта қандай керекті заттар болды?
- б) Қандай керек емес заттар болды?

11. Рас, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер.

- а) Сахатшылар кешкі сағат 7-де жиналды.
- ә) Бораң таңертең үйықтап жатты.
- б) Екі гантельді көргенде, бәрі күліп жіберді.
- в) Рюкзакта магнитофон болды.
- г) Ая аның температурасы неше градус болды?
- ғ) — Оң сапар тілеймін, — деді Секеннің атасы.

1. Фонетикалық жаттығулар.

жариялау — жариялауға болады
 жағу — жағуға болады
 бұрылу — бұрылуға болады
 айту — айтуға болады
 сұрау — сұрауға болады

көрсету — көрсетуге болады
 түсіндіру — түсіндіруге болады
 жеу — жеуге болады
 теру — теруге болады
 әкелу — әкелуге болады

2. Жаңа сөздерді аударындар және олармен сөз тіркестерін құрастырындар.

<i>айнала</i>	<i>нәзік</i>	<i>оқиға</i>	<i>анық</i>
<i>алда</i>	<i>шынында да</i>	<i>улы</i>	<i>дереке</i>
<i>жариялау</i>	<i>қалақай</i>	<i>қорап</i>	<i>жағу</i>

бұрылу *зат*

3. Сөз тіркестерін оқындар және ауызша сөйлем құрастырындар.

Бес шақырымдай жүрген соң — после того как прошли 5 км.

Сол кісінің арқасында — на его спине.

Жарты сағаттық үзіліс — получасовой перерыв.

Айқайладап жіберді — крикнул.

Гүлді тастай салды — бросил цветок.

Қолдары қыш-қызыл болып кетті — руки покраснели.

Қолына май жақты — намазал мазь на руки.

4. Мына сөздерге антоним тауып жазындар.

Істық, қалың, жіңішке, ауыр, қызық, дереке, пайдалы, жоғары, биік.

5. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Ашу — 1) *открывать*

Желдеткішті ашу, есікті ашу. Мен қорапты аштым.

2) *вызывать чувство жажды*

Қолы ашу, көзі ашу. Сабыннан баланың көзі ашыды.

Май — 1) *масло, жир*

Сары май, тұздалған май. Қойдың майы өте пайдалы.

2) *мазь*

Қызыл май, дәрілік май. Әжем аяғына май жақты.

Жағу — 1) *жечь, разжигать*

От жағу, шөпті жағу. Саяхатшылар тұнде от жақты.

2) *мазать, намазать*

Май жағу, бал жағу. Бала нанға май жақты.

Сабак — 1) *урок*

Қазақ тілі сабағы, еңбек сабағы. Оқушылар математика сабағында есеп шығарды.

2) *стебель*

Өсімдіктің сабағы, гүлдің сабағы. Бұл гүлдің сабағында улы заттар бар.



6. Мәтінді оқындар.

4. АРМАННЫҢ КҮНДЕЛІГІНЕН-1

Таумен келеміз. Күн ыстық. Айнала қалың шөп. Джунгли сияқты. Жіңішке соқпақпен келеміз. Мәди ағай алда. Ең ауыр рюкзак сол кісінің арқасында. Бес шақырымдай жүрген сон, жарты сағаттық үзіліс жариялады. Осы кезде қызық оқиға болды. Бораш гүл теремін деп кеткен. Бір кезде

ол әдемі қызыл гүл әкелді. Біз оған қызыға қарадық. Жапырақтары нәзік, қауырсын сияқты. Осы уақытта Мәди ағай:

— Таста гүлді, — деп айқайлап жіберді.

Шошып кеткен Бораш гүлді тастай салды да:

— Қолым ашып барады, қолым, — деп айқайлап жіберді.

Шынында да, қолдары қып-қызыл болып кетіпти. Мәди ағай дереу қораптан май алып, Бораштың қолына жақты. Сосын бізге бұрылып:

— Кім біледі, мынау қандай шөп? — деп сұрады.

— Қалақай шығар, — дедім мен.

— Өзің қалақайсың, — деді Бораш.

— Бұл шаған деген өсімдік. Жапырақтары мен сабағында күйдіргіш заттар бар. Өте улы өсімдік, оны жеуге болмайды, — деп түсіндірді Мәди ағай.

— Ал мынау қандай шөп?

— Қалақай.

— Біледі екенсіндер. Қалақайды жеуге болады. Қалақайда пайдалы витаминдер өте көп.

Сосын Мәди ағай бізге тағы да улы өсімдіктерді көрсетіп, олар туралы айтты. Қайтадан жолға шықтық. Биіктеген сайын өзімізді алыптарша сезіндік. Жоғарыдан төмендегі көлдер де, өзендер де, жолдар да анық көрінеді. Шіркін, құс сияқты үшсам ғой!

¹ *Жіңішке соқпақпен* — по узкой тропинке.

² *Гүл теремін деп кеткен* — пошел собирать цветы.

³ *Шаган деген өсімдік* — это растение называется...

⁴ *Күйдіргіш заттар* — обжигающие вещества.

⁵ *Биіктеген сайын өзімізді алыптарша сезіндік* — по мере того как поднимались, мы чувствовали себя великанами.

⁶ *Шіркін, құс сияқты үшсам ғой!* — Эх, полетел бы как птица!

7. Тапсырмаларды орындаңдар.

1) Таудың табигаты суретtelген жерді тауып оқындар.

2) Борашпен болған оқиғаны тауып оқындар.

3) Шаған өсімдігі қандай? Суреттеп жаз.

4) Қалақай өсімдігі қандай? Мәтіннен тауып оқындар.

8. Өсімдіктер туралы оқындар.

Түймедак — дәрілік өсімдік, пайдалы, оны тамақ ауырғанда, сұық тигенде қолданады.

Мендуана — улы өсімдік, денсаулыққа өте қауіпті, оны жеуге болмайды.

Жолжелкен — дәрілік өсімдік, оны жараланғанда қолданады.

Шыбынқырғыш — улы саңырауқұлақ, өте қауіпті, жеуге болмайды.

Жалбыз — пайдалы өсімдік, шай қайнатады, өндірісте сағызға қосады.

9. Диалогты аяқтаңдар.

— Сен қандай улы өсімдіктерді білесің?

— деген улы өсімдіктерді біле

— Олар туралы не білесің?

— Олар

— Сен қандай пайдалы өсімдіктерді білесің?

— Мен

— Олар туралы не білесің?

— Олар

1. Фонетикалық жаттығулар.

тоқтау — тоқтайық
дайындау — дайындайық
сұрау — сұрайық
әкелу — әкелейік
кету — кетейік

жүгіру — жүгірейік
көрсету — көрсетейік
айту — айтайық
тойғызу — тойғызайық
келу — келейік

2. Жаңа сөздерді аударындар және әрқайсысымен сөз тіркестерін не сөйлем құрастырындар.

<i>тоңу</i>	<i>нәтиже</i>
<i>бірдене</i>	<i>мүмкін</i>
<i>қозғалу</i>	<i>нағыз</i>
<i>созу</i>	<i>аң-таң болу</i>
<i>жан-жақтан</i>	<i>жылау</i>
<i>ожау</i>	<i>ғылыми</i>
<i>із</i>	<i>ошақ</i>

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Демалуға тоқтап — остановившись на привал.

Тоңған жоқсындар ма? — Не замерзли?

Соңғы кезде — в последнее время.

Ұстау үшін — чтобы поймать.

Айқайлаған дауыс — крик (кричавший голос).

Айттым ғой — я же сказал.

Қорқатын ештеңе жоқ — нечего бояться.

Сіздерден бұрын — раньше вас.

Сыбырлаған дыбыс — шуршащий звук.

Қатарымызға қосамыз — возьмем в свои ряды.


4. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Тігу — 1) *шить*

Көйлек тігу, шалбар тігу. Ажар әдемі көйлек тікті.

2) *строить, разбить* (палатку)

Киіз үй тігу, шатыр тігу. Саяхатшылар өзен жағасына шатыр тікті.



5. Мәтінді оқындар.

5. ҚАР АДАМЫМЕН КЕЗДЕСУ

Саяхатшылар демалуға тоқтап, шатыр тікті. Арман ошақ дайындағы. Секен мен Онғар бұтақ жинағы. Жабын су өкелді. Мәди ағай тамақ пісірді.

— Қазір тамақ дайын болады. Тоңған жоқсындар ма?

— Қайдағы тоңу, ағай! —деді Онғарбай.

— **Ағай, тауда қар адамы болады деген рас па?** — деп сұранды Арман.

— **Қар адамы емес, тау адамы,** — деп дауласа кетті¹ Бораш.

— **Фылыми түрде дәлелденбеген².** Білеміз деген адамдар нақты еш нәрсе³ айта алмайды. Ал ізін көргендер өте көп. Ульман деген саяхатшы өз кітабында қар адамы туралы жазған. Альпинистер де қар адамын көрмеген, бірақ іздерді көрген. Соңғы кезде қар адамын ұстау үшін экспедициялар шығарып жатыр. Нәтижесін кейін көрерміз.

— **Ағай, қар адамы бізге шабуыл жасаса қайтеміз?**⁴ **Мылтығымыз да жоқ,** — деді Жабын.

— **Қорқатын ештеңе жоқ, балалар. Осы күнге дейін таудан қар адамын, не ізін көрдім деген адамды кездестірмедім.**

— Менде қызық кітап бар, қазір әкелемін, — деп Секен шатырға жүгірді. Бір уақытта шатырдан «Мама...а...а...» — деп айқайлаған дауыс шықты. Мәди ағай шатырға жүгірді.

— **Не болды, Секен? Неден қорықтың?**

— **Айттым ғой жаңа, тау адамы бар деп!**

— **Қайда?**

— **Шатыр ішінде.**

— **Анық көрдің бе?**

— **Көрген жоқпын, бірақ рюкзакты алайын дегенде⁵, бірдеңе қозғалды.**

— **Мүмкін, тышқан немесе бақа шығар?**

— **Қайдағы бақа? Ұйықтайтын мешоктың ішінде жатыр!**

— **Қорқатын ештеңе жоқ, қазір тексеріп көремін,** — деп Мәди ағай шатырға кірді.

Шатырдың іші қап-қараңғы. Сәлден соң сыйдырлаған дыбыс естілді. Мәди ағай қолын алға қарай созды.

— **Ағай, қорықпаңыз, бұл мен ғой, Мекен, Секеннің інісі.**

— О, ғажап! Сен қайдан жүрсін? — деп ағай күліп жіберді. — Балалар, қорықпаңдар, мен сендерге нағыз тау адамын көрсетемін, — деп айқайлады Мәди ағай шатырдан.

Олар шатырдан шыққанда, балалар аң-таң болды.

— Сен қайдан жүрсін? Мұнда қалай келдің? — деп сұрады балалар жан-жақтан.

— Сендер кеткен соң, мен де барамын, жібермесендер, бәрі бір қашып кетемін⁶, — деп жыладым мен. Сосын атам: «Жарайды», — деп, заттарымды жиыстырып берді⁷. Сөйтіп, жарықта осы жерге ат-пен сіздерден бұрын келдік.

— Бізben бірге саяхатқа шыққың келсе⁸, ауылда неге айтпадың?

— Секен алмаймыз деді ғой.

— Мекен нағыз ержүрек бала екен. Біз оны қатарымызға қосамыз, — деді Мәди ағай. — Ал енді тамақ ішейік, ең алдымен «қар адамын» тойғызайық, — деп Мәди ағай қолына ожауды алды.

— Неткен дәмді тамақ, тағы бола ма? — деп Жабын табағын ағай-ға созды.

¹ Дауласа кетті — начал спорить.

² Ғылыми түрде дәлелденбөген — научно не доказано.

³ Нақты еш нәрсе — ничего конкретного.

⁴ Шабуыл жасаса қайтеміз? — Что будем делать, если нападет снежный человек?

⁵ Рюкзакты алайын дегенде — когда собирался брать рюкзак.

⁶ Жібермесендер бәрібір қашып кетемін — если не отпустите, все равно убегу.

⁷ Заттарымды жиыстырып берді — собрал вещи.

⁸ Саяхатқа шыққың келсе — если хочешь путешествовать.

6. Тапсырмаларды орындаңдар.

- 1) Қарамен жазылған диалогты рөлмен оқындар.
- 2) Қар адамы туралы мәліметті мәтіннен тауып оқындар.
- 3) Секен неге қорқып кетті? Мәтіннен тауып оқындар.
- 4) Мекеннің монологын оқындар.

7. Әрекеттерді соң сөзін пайдаланып, ретпен айтыңдар.

Үлгі: Саяхатшылар тоқтаганнан соң, шатыр тікти.

- a) тоқтау, шатыр тігу
- ә) шатыр тігу, ошақ дайындау
- б) ошақ дайындау, бұтақ жинау
- в) су әкелу, тамақ пісіру
- г) тамақ пісіру, тамақ жеу

8. Кім деген сұрақтарға жауап беріндер.

- а) Кімдер қар адамы туралы сөйлесті?
- ә) Кім шатырға кітап алуға барды?
- б) Кім қорқып кетті?
- в) Кім шатырға жүгірді?
- г) Шатырда кім болды?
- ғ) Мекен кім?
- д) Мекенді кім өкелді?

9. Осы сұрақтар бойынша мәтінді әңгімелеп бер.

- а) Тауда балалар тонды.
- ә) Саяхатшылардың мылтығы жоқ.
- б) Тауда қар адамы өмір сүреді.
- в) Альпинистер қар адамын көрмеген, бірақ іздерді көрген.
- г) Секен шатырдан қандай кітап өкелгісі келді?
- ғ) Мекен — Секеннің інісі.

64-сабак. Бақылау жұмысы.

1. Фонетикалық жаттығулар.

тоқтау — тоқтаған екен
қону — қонған екен
жинау — жинаған екен
әкелу — әкелген екен
келу — келген екен

шағу — шаққан екен
жағу — жаққан екен
күту — күткен екен
тігу — тіккен екен
кету — кеткен екен

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем және сөз тіркестерін құрастырындар.

қону

шуыл

сона

шағып алу

жағдай

шатыр тігу

3. Мына сөз тіркестерін орысшаға аударындар.

Осы жер, өзеннің қасына, судың шуылы, шатырды жоғарыға тікті, қараңғылық ерте түседі.

4. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Жер — 1) земля

Тұған жер, бай жер. Қазақстан жері өте бай.

2) место

Осы жер, қараңғы жер. Алматыда әдемі жерлер өте көп.



5. Мәтінді оқындар.

6. ДЕМАЛЫС

Саяхатшылар өзеннің қасына тоқтады.

— Бүгін осында қонамыз. Тауда қараңғылық ерте түседі, — деді Мәди ағай.

Балалар рюкзактарын түсіріп, шөпке отыра кетті.

— Ал саяхатшыларым, шатырды қайда тігеміз? — деп сүрады Мәди ағай балалардан.

— Меніңше, осы жер дұрыс, су да жақын, — деді Жабын.

Осы сәтте:

— Ойбай, бірдене шағып алды, — деп Бораш жалаңаш білегін сабалап, ыршып түсті¹.

- Мынау сона ғой. Көп қой өздері.
- Әне, көрдіңдер ғой, біріншіден, өзен жағасында сона көп. Екіншіден, түнде өте сұық болады. Ал үшіншіден, судың шуылышында жөнді үйықтатпайды², — деп Мәди ағай балаларға жағдайды түсіндірді³. — Сондықтан шатырды жоғарыға тігеміз.

Балалар рюкзактарын көтеріп, межелі жерге⁴ келді. Арман жер қазып, ошақ дайындалды. Секен мен Оңғар бұтақ жинады. Жабын суға кетті. Мәди ағай мен Бораш шатыр тікті.

¹Жалаңаш білегін сабалап, ырышиң тұсті — отскочил, ударяя себя по руке.

²Жөнді үйықтатпайды — не дает нормально спать.

³Жағдайды түсіндірді — объяснил ситуацию.

⁴Межелі жерге — в назначенное место.

6. Тапсырмаларды орындандар.

1) Сұрақтарға жауап беріңдер.

Өзеннің қасына шатыр тігуге неге болмайды?

Біріншіден,

Екіншіден,

Үшіншіден,

2) Саяхатшылар демалуға қалай дайындалды, қандай жұмыс істеді?

Мысалы:

1. Бораш отын жинады.
2. Арман
3. Секен
4. Оңғар
5. Жабын
6. Мекен
7. Мәди ағай

7. Сұрақтарға жауап беріңдер. Сен саяхатқа шыққанда не істедің, не істемедің?

- | | |
|-------------------------|------------------------|
| 1. Су әкелдің бе? | Иә, су әкелдім. |
| 2. Тамақ пісірдің бе? | Жоқ, тамақ пісірмедім. |
| 3. Отын жинадың ба? | |
| 4. От жақтың ба? | |
| 5. Шатыр тіктің бе? | |
| 6. Шай қайнаттың ба? | |
| 7. Өлең айттың ба? | |
| 8. Велосипед тептің бе? | |
| 9. Далада үйықтадың ба? | |

8. Неге бұлай жасауға болмайтынын біріншіден, екіншіден, үшіншіден сөздерін қатыстырып жауап беріндер.

1) Өтірік айтуда болмайды

Үлгі: *Өтірік айтуда болмайды.*

Біріншіден, өтірік айтқан жақсы емес.

Екіншіден, екінші рет саган ешкім сенбейді.

Үшіншіден, өтірікшіні ешкім сыйламайды.

2) Күзде өзенге шомылуға болмайды

Біріншіден,

Екіншіден,

Үшіншіден,

3) Көшеде қағаз лақтыруға болмайды.

Керекті сөздер: көше лас болады, күн салқын болады, ауырып қалуға болады, қоқыс лақтырган жақсы емес, ол басқаларға жаман үлгі, ауырғанда сабақтан қаласын.

9. Суретпен жұмыс.

- 1) Суреттегі табиғат қандай?
- 2) Аяа райы қандай деп ойлайсындар?
- 3) Балалар қалай киінген?
- 4) Мәди ағай мен Бораң не істеп жатыр?
- 5) Секен мен Оңғар не істеп жатыр?
- 6) Арман не істеп отыр?
- 7) Жабын қайда бара жатыр?

1. Фонетикалық жаттығулар.

алу — ала бастады
айналу — айнала бастады
бару — бара бастады
қорқу — қорқа бастады
естіле — естіле бастады

түсіну — түсіне бастады
кұлу — күле бастады
шулау — шулай бастады
айқайлау — айқайлай бастады
жеу — жей бастады

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырындар.

қорқынышты
сиқырлы
өшіру

жақында
шам
сынақ

от
құпия
тілті

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Әулиетал деген жер — место под названием Аулиетал.

Бұталардың арасынан — из кустов.

Құстардың дауыстары — птичий голоса.

Құшақтай алды — обнял.

Шайтан болу керек — должно быть, черт.

Айналып шықты — обошел.

Міне, керемет — вот, чудо.

Әлі де көп — все еще много.

Ашылмаған құпиялар — нераскрытые тайны.

4. Бұйрық етістіктің жекеше түрін жазындар және аударындар.

Үлгі: *беріңдер — бер, дайте — дай*

алындар —	жетіндер —
өшіріндер —	қарандар —
әкеліндер —	сұрандар —
бақыландар —	жарық түсіріндер —
келісіндер —	табындар —

5. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Ана — 1) *мать*

Менің анам, сенің анаң. Оның анысы фабрикада жұмыс істейді.

2) *то, том, та*

Ана тау, ана кітап, ана үй. Маған ана дәптерді беріңізші.

6. Мәтінді оқындар.

7. ШАЙТАНМЕН КЕЗДЕСУ



Саяхатшылар Өулиеталға¹ жеткенде, айнала қараңғы бола бастады. Өулиетал деген жер сырты қурап қалған бес-алты көрі тал екен. Әр жерден аңдар ін қазып тастапты². Бұталардың арасынан құстардың дауыстары естіледі.

— Мына жер қорқынышты екен, — деді Арман.

— Ертегілердегі сиқырлы жер секілді. Қызық емес пе? — деді Секен.
— Ағай, қарным ашты, — деді Жабын.
— Тамақтан бұрын бутерброд жеп алайық.
— Ағай, ананы қараңыз, от жанып тұр! — деп Бораш шошына сыйырлады³.

— Қызық екен, жылқышының үйі жақында емес еді, әлде саяхатшылар ма екен? — деді Мәди ағай.
— Кім болса, о болсын⁴, тезірек бутерброд жейік, — деді Жабын.
— Алыңдар, міне, — деп Мәди ағай тамақты үлестіре бастады. — Кеселерінді әкеліңдер, компот құйып берейін.

Жабын рюзагына қарай барды. Кенет біреу қолындағы бутербродты жұлып әкетті⁵. Балалардың бірі шығар деп, артына қарады. Артында ешкім жоқ. Ол айқай салды. Жүгіріп келіп, Мәди ағайды құшақтай алды.

— Не болды, Жабын, неден қорықтың?
— Бутербродымды алып кетті!
— Кім алып кетті? Беріңдер! — деп ағай балаларға қарады.
— Біздің балалар емес, өйткені менің қасымда ешкім болған жоқ.
Алып кеткен шайтан болу керек⁶.

— Бутербродты шайтан алып кетті дейсің бе? — деп қайта сұрады Мәди ағай.
— Бутербродты алған қандай шайтан? — деп балалар қүле бастады.
— Мүмкін, түсіріп алған шығарсың? — деп Мәди ағай жерге фонаръмен жарық түсірді. Бірақ бутерброд жоқ.

Балалар ештеңе түсінбеді. Айнала қараңғы, әр түрлі қорқынышты дыбыстар.

— Балалар, шамды өшірейік. Мен қолыма бутерброд алып, Әулие-талды айналып жүрейін⁷. Сендер сыртымнан бақыланңдар. Келістік пе? — деді Мәди ағай.

— Келістік, — деп шулады балалар.

Қолына бутерброд алып, талдарды бір айналып, балалардың қасына келді де:

— Міне, бутерброд қолымда. Тағы бір айналып көрейін, — деп қайта кетті.

Балаларда үн жоқ. Мәди ағай бір кездे:

— Қап! Міне, керемет! — деп дауыстады.

— Не болды, ағай?

— Міне, ғажап! Алып кетті. Тіпті байқамай да қалдым.

— Айттым ғой шайтан бар деп, — деді Жабын даусы дірілдеп.

— Сайтан, жын, пері дегендер жоқ қой. Бірақ мынау бір қызық нәрсе екен. Кетейік, ағай, — деді Арман.

— Тұн ортасында қайда барамыз?

— Ана төбе басындағыларға⁸ барайық.

— Қорықпанңдар, балалар. Табиғаттың ашылмаған құпиялары әлі де көп. Ал кеттік, — деп Мәди ағай рюзагын арқасына сала берді.

¹ Әулиетал — священное дерево.

² Ін қазып тастапты — выкопали норы.

³ Шошина сыйырлады — испуганно зашептал.

⁴ Кім болса о болсын — пусть кто будет, тот и будет.

⁵ Жұлып әкетті — вырвал, выхватил.

⁶ Тұсіріп алған шыгарсың — наверное, уронил.

⁷ Айналып жүрейін — обойду.

⁸ Ана төбе басындағыларға — к тем, кто наверху.

7. Тапсырмаларды орындандар.

1. *Pас, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер*

- а) Саяхатшылар Әулиеталға жеткенде, айнала қараңғы бола бастады.
- ә) — Ағай, қарным ашты, — деді Жабын.
- б) Бутербродты кім алыш кетті?
- в) Айнала жарық болды.
- г) Мәди ағай бутербродты алыш, Әулиеталды айналды.
- ғ) Бутербродты ит алыш кетті.
- д) — Айттым ғой, шайтан бар деп, — деді Жабын.

2. *Сұрақтарға жауап беріндер.*

- а) Әулиетал қандай жер?
- ә) Жабын не деді?

- б) Бораш не деді?
- в) Мәди ағай не деді?
- г) Одан кейін қандай оқиға болды? Мәтіннен тауып оқындар.
- ғ) Ары қарай болған диалогты рөлмен оқындар.
- д) Мәди ағай не істеді?
- е) Мәди ағай не деп дауыстады?
- ж) Жабын не деді?
- з) Арман не деді?

8. Мәтінді тәмендегі жоспар бойынша әр бөлімге 2—3 сөйлем жазыңдар және айтып беріңдер.

- 1) Әулиетал деген жер.
- 2) Балалардың қарны ашты.
- 3) Жоғалған бутерброд.
- 4) Мәди ағайдың сынағы.
- 5) Әулиеталдан кету.

9. Мына үлгі бойынша диалог құрастырындар.

- Марат, қарның ашты ма?
- Иә, мама, қарны... ашты.
- Кеспе¹ же, шай² іш.
- Жоқ, менің кеспе жегім келмейді, менің картоп жегім келеді.
- Шай ішесің бе?
- Иә, шай ішемін.

1

манты
түшпара
ботқа

2

қымыз
шырын
айран

10. Мына сөйлемдердің аудармасын мәтіннен табындар.

Ух, вот это чудо!
Что случилось, ағай?
Удивительно! Забрали, даже и не заметил!
Я же говорил, что есть черт!
Вокруг темно, разные страшные звуки.

1. Фонетикалық жаттығулар.

ойлау — ойлағым келеді
білу — білгім келеді
кездесу — кездескім келеді
асырау — асырағым келеді
кұлу — күлгім келеді

жұру — жүргім келеді
сену — сенгім келеді
келу — келгім келеді
аралау — аралағым келеді
қалу — қалғым келеді

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырындар.

байлап қою

анық

нәрсө

асыранды

бағу

әлгі

асырау

қоя беру

ғалым

жіберу

үйір

сыну

3. Оқындар, мәтіннен берілген сөз тіркестері бар сөйлемдерді тауып оқындар және орысшаға аударындар.

Солай ойлап едім — так и думал.

Бос сөз — пустое слово.

Кім дейсіздер ғой? — Спросите кто?

Қатты күлді — сильно смеялся.

Асырайды екен — оказывается, ухаживает.

Қолға үйренген — приученные.

Жемді қағып әкетеді — выхватывают корм.

Бір өкініштісі — жалко, что.

Өз істері туралы — о своих делах.

Қоршаудың ішінде — в загоне.

Жайылып жүр — пасется.


4. Омоним сөздерді ажыраты біліндер.

Бос — 1) *свободно, свободный*

Бос уақыт, бос орын. Сен қазір боссың ба? Иә, боспын.

2) бос сөз — *вранье, пустое.*

Бос сөз, бос әңгіме. Бұл өзенде форель бар деген бос сөз.



5. Мәтінді оқындар.

8. АРМАННЫҢ КҮНДЕЛІГІНЕН-2

...Әзім де солай ойлап едім.
Сайтан дегендері бос сөз. Барлық құбылыстың себебі бар. Біз себебін білмейміз, сондықтан құпия дейміз. Жабынның бутербродын тартып әкеткен кім дейсіздер ғой? Ол Жолшыбек ағайдың асыранды үкісі екен.
Сайтанмен кездестік дегенде, ол

кісі қатты құлді. Жолшыбек ағай жетім қалған балапандарды¹ үйінде асырайды екен. Кейін қоя береді. Әлгі Өулиеталға да екеуін жіберген екен². Кейде өзі барып, жем беріп тұрады. Қолға үйренген үкілер, жемді қағып әкетеді. Ал үкі түнде шөп арасындағы тышқандарды анық көретінін ұмытып кетіппіз³. Жолшыбек ағай андар мен құстардың тілін жақсы біледі. Тек, бір өкініштісі, өз істері туралы кітап жазбайды. Қарап отырсан, өмірі өте қызық. Үйдің қасында қоршаудың ішінде таутеке жайылып жүр. Оның аяғы сыныпты.

Аяғын орнына салып, байлап қойыпты. Енді күтіп, бағып отыр. Кейін үйіріне қосып жіберемін⁴ дейді. Жолшыбек ағайды жылқышы емес, ғалым деуге болады. Өте көп нәрсені біледі. Аңдардың тау ішінде қандай жерде мекендейтінін, немен қоректенетінін⁵ — бәрін айтып береді. Жолшыбек ағайдың үйінде қалғым келеді. Жаз бойы сол кісімен тау аралағым келеді. Өскенде Жолшыбек ағайға үқсағым келеді.

¹ Жетім қалған балапандарды — осиротевших птенцов.

² Екеуін жіберген екен — двоих выпустил.

³ Анық көретінін ұмытып кетіппіз — забыли, что они отчетливо видят.

⁴ Үйіріне қосып жіберемін — отпуши в стаю.

⁵ Қандай жерде мекендейтінін, немен қоректенетінін — где обитают, чем питаются.

6. Тапсырмаларды орындандар.

1. *Ras, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер*

- Құпия ашылды.
- Жабынның бутербродын шайтан әкетті.
- Жолшыбек ағай жетім балапандарды үйде асырайды.

- в) Әулиеталда екі үкі өмір сүреді.
- г) Жолшыбек ағай өз істері туралы кітап жазды.
- ғ) Қоршауда жолбарыс жайылым жүр.
- д) Үкілердің аттары қалай?

7. Сұрақтарға жауап беріндер.

Жолшыбек ағай кім?

Ол андарға, құстарға қалай көмектеседі?

Жолшыбек ағайды кім деуге болады, неге?

Сенің андарға, құстарға көмектескің келе ме?

8. Тұнгі құстар туралы не білесіндер? Үкі туралы қысқаша хабарлама жасандар. Ол қайда өмір сүреді, қай уақытта ұйықтайды, не жейді ...?

9. *iшінде, қасында, арасында, ортасында* сөздерімен үш-үштен сөз тіркесін құрастырындар.

- Ұлғи:** *iшінде* — 1. орманның *iшінде*
2. үйдің *iшінде*
3. сөмкенің *iшінде*

10. Мәтіннен асты сызылған сөз тіркестерін дәптерлеріңе көшіріп жазындар және аударындар.

- Ұлғи:** *құбылыстың себебі* — причина явления

11. Жұмыс дәптерінен 1—4-жаттығуларды ауызша орындандар.

12. Суретпен жұмыс.

- а) Суреттен не көріп тұрсындар?
- ә) Үй қандай?
- б) Бұл кімнің үйі?
- в) Таутекені және үкіні суреттендер.

1. Фонетикалық жаттығулар.

баратын деп едім
жазайын деп едім
келейін деп едім
қарайын деп едім
жүгірейін деп едім

өлең айтайын деп едім
айтайын деп едім
сатып алайын деп едім
көрейін деп едім
қалайын деп едім

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін күрастырындар.

ату
ақымақ

кәдімгі
жыртып тастау

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Қандай керемет — какой чудесный.

Мазақтағанды түсінеді — понимает, что его дразнят.

Күнделігінің арасына — в дневник.

Ешкімге көрсетпейді — никому не показывает.

Ең дұрысы — самое правильное.

4. Тапсырманы орындандар.

Үлгі: *Мен кеше стадионга баратын деп едім, бірақ барган жоқын.*

Мен кеше

стадионға баратын
кино көрейін
кітап сатып алайын
теледидар қарайын
түсте үйіктайын
суретке түсейін
үйде қалайын
досыммен кездесейін

деп едім, бірақ

5. Диалогтарды рөлмен оқындар және орысшаға аударындар.

- | | |
|--|--|
| 1 — Мама, мен киноға баратын деп едім, маған ақша керек. | 4 — Мен сенен бірденең сұра... деп едім. |
| — Ал, мінеки. | |
| — Рахмет. | |
| 2 — Ағай, мен бүгін сұран...
деп едім. | |

- Неге?
 - Тісімді емдеу керек.
 - Жарайды.
- 3 — Мен саған бірдене айт...
деп едім.
— Айт.

- Сұра.
 - Ертең боссың ба?
 - Иә, боспын.
 - Киноға барайық.
- Бар... .



Жолшыбек ағай да қызық екен. Таутекені үйіріне жіберемін дейді. Ертең біреу атады да алады⁴.

Мәссаған, тағы да бір қызық көріп қалдым. Біздің кәдімгі Секебас (Секен) күнделігінің арасына Күмістің суретін салып алыпты. Оны қайтеді екен, а? Ақымақ қой, ақымақ. Оны ешкімге көрсетпейді. Өзі ғана қарайды. Ха-ха-ха! Әй, Секебас-Текебас!

Балаларға айтып мазактайын деп едім, шынын айтқанда, Секебастан қорықтым. Біліп қалса, ол аямайды⁵, төбелеседі.

Ең дұрысы, бір реті келгенде⁶, әлгі суретті жыртып тастау керек. Бітті!

¹ Адамга сүзісе кететіндей — как будто хочет бодаться.

² Айбат шекті — угрожал.

³ Үстіне отырып суретке түсейін деп едім — хотел сфотографироваться, сев на козла верхом.

⁴ Біреу атады да алады — кто-нибудь застрелит.

⁵ Біліп қалса аямайды — если узнает, не пожалеет.

⁶ Бір реті келгенде — при удобном случае.

6. Мәтінді оқындар.

9. БОРАШТЫҢ КҮНДЕЛІГІНЕН

Қандай көремет таутеке!
Мүйізі қарағайдай. Адамға
сүзісе кететіндей¹ қарайды.

«Бө-ө-ө!» деп қоршаудың
сыртынан мазақтап едім, маған
айбат шекті². Мазактағанды
түсінеді екен. Үстіне отырып³,
суретке түсейін деп едім, Жол-
шыбек ағай рұқсат етпеді.

Жолшыбек ағай да қызық екен. Таутекені үйіріне жіберемін дейді.

Ертең біреу атады да алады⁴.

7. Рас, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер.

- 1) Таутеке айбат шекті.
- 2) Таутеке мазактағанды түсінеді екен.
- 3) Бораш таутекемен суретке түсті.

- 4) Секеннің күнделігінің арасында Гаунардың суреті болды.
- 5) Бораш Секеннен қорықты.
- 6) Балалар төбелесті.
- 7) Секен нешеде?

8. Сұраққа жауап беріндер. Бораш не істегісі келді?

- 1) таутекемен суретке тұсу
- 2) Секенді мазақтау
- 3) суретті жыртып тастау

9. «Бораш және таутеке» деген тақырыпқа мәтін құрастырындар.

10. Секен туралы не білдіндер? Мына сұрақтардың көмегімен Секен туралы жазындар және айтып беріндер.

Секеннің күнделігінің арасында не бар?
Секен кімді жақсы көреді?
Ол суретті біреуге көрсете ме?
Бораш не істегісі келді?
Бораш Секенді неге мазақтамады?

11. Диалогты рөлмен оқындар, өздерің қандай жануарлармен суретке түскендерінді айтындар.

- Сен жануарлармен суретке түстің бе?
- Иә, мен жыланмен суретке түстім.
- Қорыққан жоқсың ба?
- Жоқ.

12. Мәтіннен кімге? неге? сұрақтарына жауап беретін сөздері бар сөйлемдерді табындар және орысшаға аударындар.

13. Суретке қараңдар және көп нұктенің орнына керекті сөздерді жазындар.

Күнделік шөптің ... жатыр. Суретте Бораш таутекенің ... отыр. Күнделіктің ... қалам жатыр. Таутеке үйдің ... жүр. Кәмпитеттер күнделіктің ... жатыр. Суретте күнделік Секеннің ... жатыр.

Керекті сөздер: үстінде, ортасында, қасында, алдында, үстінде, қасында.

1. Фонетикалық жаттығулар.

бару керек — баруым керек
келу керек — келуім керек
қарау керек — қарауым керек
кіру керек — кіруім керек
көрсету керек — көрсетуім керек

сөйлесу керек — сөйлесуім керек
кету керек — кетуім керек
жүру керек — жүруім керек
шығу керек — шығуым керек
табу керек — табуым керек

2. Диалогты рөлмен оқындар.

- Сөule, қазір саябаққа¹ барайық.
- Мен бара алмаймын, себебі менің үйге баруым² керек.

1

кино...
дүкен...
өзен...

2

сабақ оқу... ...
шығарма жазу... ...
өлең жаттау... ...

3. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырындар.

құып жету**өтіну****жақындау****бірнеше**

4. Сөз тіркестерін оқындар.

Ана үй — тот дом.

Барып келейінші — давай я схожу.

Күш жетемін — догоню.

Сондай да ат бола ма? — И такое имя бывает?

Домалап кетпеніз — не скатитесь.

Балаға тимейді — ребенка не трогает.

Жолға шықты — отправился в путь.

Жайлай — летнее пастбище.

Қыстау — зимнее пастбище.

Қүзеу — осеннее пастбище.

5. Қазақшаға аударындар.

Оказывается, ядовитый
Оказывается, полезный
Оказывается, близко
Оказывается, пустой

оказывается, вышел
оказывается, приготовил
оказывается, собрал
оказывается, дognал

6. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Жалау — 1) *флаг*

Қызыл жалау, көк жалау. Алаңда жалау желбіреп тұр.

2) *лизать*

Ернін жалау. Бала қасықты жалады. Ит баланың бетін жалады.



7. Мәтінді оқындар.

10. ТАУДАН ДОМАЛАП КЕТПЕҢІЗ, АҒА, АҚЫРЫН ЖҮРІҢІЗ¹

— Ағай, ана үйді қараңыз, — деді Секен қоңыр үйді көрсетіп.

— Ол үйде су бар болар, — деп Жабын ернін бір жалап алды.

— Ағай, мен барып келейінші, тез қуып жетемін сіздерді, — деп өтінді Секен.

Ағай рұхсат берді... Міне, Секен қоңыр киіз үйге де жақыннады. Ит те көрінбейді. Үйдің есігі ашық екен.

— Ассалаумағалейкум, — деп үйге кірді Секен. Үйде екі бала асық ойнап отыр екен. Үлкені келіп қолын берді. Секен су ішті. Рахметін айтты. Сосын балаларға рюкзагынан бірнеше кәмпіт алып берді.

— **Атың кім сенің?**

— **Жайлау.**

— **Жайлау? Қызық екен. Жайлау деген де ат бола ма екен?**

— **Болады. Жайлауда туғанмын,** — деп қара көз бала кәмпітті аузына салып жіберді².

— **Солай де. Мынау інің бе?**

— **Иә, інім,** — деді Жайлау.

— **Ініңің аты кім?**

— **Қыстау.**

— **Қыстау? Міне, қызық! Яғни ол қыстауда туған ғой?**

— **Иә.**

— **Жайлау! Қыстау! Ал күзеуде туған ешкім жоқ па?**

— **Жоқ.**

— Үйде екеу-ақсындар ма сонда?

— Иә.

— **Қорықпайсындар ма?**

— **Кімнен қорқамыз?**

— **Қасқыр келсе, не істейсіңдер?**

— **Қасқыр кішкентай балаға тимейді.**

— **Оны кім айтты?**

— **Әкем.**

- **Әкең қайда?**
- **Қойда.**
- **Ал әкелеріңің аты кім?**
- **Шекара.**
- **Шекара? Сондай да ат бола ма?**
- **Иә, шекарада туған.**
- **Міне, қызық!**

Сөйтіп, Секен балалармен біраз сөйлесті.

- Ал енді сау болындар. Менің жүруім керек. Достарыма барайын.
- Аға, таудан домалап кетпеніз, ақырын жүріңіз, — деді Жайлау.
- Рахмет, ақырын жүремін, сау болындар, — деп Секен жолға шықты.

¹ *Таудан домалап кетпеніз, ақырын жүріңіз* — не скатитесь с горы, ходите осторожно.

² *Кемпітті аузына салып жіберді* — закинул конфеты в рот.

8. Тапсырмаларды орындаңдар.

Диалогты толықтырыңдар

Жайлау, қонақжай бала. Ол Секенді шай ішуге шақырды.

- Төрге шығыңыз, отырыңыз.
- ...
- ... ішіңіз.
- Шай ішуге уақыт... .
- Онда ... татыңыз.
- Жарайды, рахмет.
- Сау болындар.
- ...

9. Сұрақтарға жауап беріндер.

Сендер балалар туралы не білдіндер?

Олардың аттары нені білдіреді?

10. Мәтіннен қайда? кімде? неде? сұрақтарына жауап беретін сөздері бар сөйлемдерді теріп жазыңдар және ауызша орысшаға аударыңдар.

11. Ж.д. 45—47-жаттығуларды ауызша орындау.

12. Қарамен жазылған диалогты жаттап алыңдар.

80-сабақ. Қосымша сабақ.

81-сабақ. Бақылау жұмысы.

1. Фонетикалық жаттығулар.

тоқтау — тоқтағаннан соң
айқайлау — айқайлағаннан соң
демалу — демалғаннан соң
келу — келгеннен соң
білу — білгеннен соң

айту — айтқаннан соң
шығу — шыққаннан соң
жағу — жаққаннан соң
кету — кеткеннен соң
кездесу — кездескеннен соң

2. Жаңа сөздерді аударыңдар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырыңдар.

аумағы	айдар	толқын	сұлу	көрініс
өлке	ағысы	ғажап	тентек	дөң

3. Сөз тіркестерін оқыңдар.

Таудан асты — перевалили за гору.
Сансыз бұлттар — бесчисленные облака.
Будақ-будақ тұмандар — клубящийся туман.
Сай толған көлдер — яма, полная озер.
Үй орнындей — как площадь дома.
Ғажап өлке — чудесный край.
Айдаһарға ұқсайды — похож на дракона.

4. Бірінші бағандагы заттардың неге үқсайтынын айтыңдар.

Ұлғі: *Инелік тікүшаққа ұқсайды.*

Неге?

Инелік	шар...	ұқсайды.
Күн	тікүшақ....	
Мысық	айна...	
Түйенің	өркеші жолбарыс...	
әйнек	жұмыртқа...	
қант	тау...	
тас	қар...	

5. Мәтінді оқыңдар.

11. КӨЛСАЙ

Саяхатшылар **таудан** асып, төменге қарай жүрді. Ғажайып көрініс: төмен қарай аққан сансыз бұлақтар, бу, ақырын жылжып жатқан будақ-



будақ тұман. Шілде айы емес, көктем сияқты. Күн жарқырап тұр, бірақ ауа салқын. Аздап жел бар. Жер шылқыған су¹. Саяхатшылар тоқтамай келе жатыр. Бір **дәңнен** асқан соң, үлкен **сайдың ұстінен** шықты². Сай толған кішкентай көлшіктер, аумағы үй орнындай. Кейбіреулері онан да үлкен, кейбіреулері кіші.

— Көлсай деген керемет жер осы, балалар, — деді Мәди ағай.

— Фажап өлке, сұлу өлке, — деп айқайлады балалар.

Шешініп суға беріп кетті. Демалғаннан соң олар **қайтадан** жолға шықты. Біраз жүріп Чоң Кемін өзеніне жетті. Чоң Кемін өзені айдаһарға ұқсайды еken. Ағысы күшті, толқындары аспанға атады. Керемет өсерлі көрініс. Балалар аң-таң болды. **Содан** соң саяхатшылар Талғар өзенінен де өтті. Талғар өзенін тентек өзен деп те атайды. Себебі ағысы күшті, тік құлап ағады³.

¹ Жер шылқыған су — земля в лужицах.

² Сайдың ұстінен шықты — оказались над ямой.

³ Тік құлап ағады — течет резко падая.

6. Ая райы туралы айтылған сөйлемдерді тауып оқындар.

7. Көлсайға байланысты сөйлемдерді мәтіннен тауып жазындар.

8. Чоң Кемін өзені қандай? Талғар өзені қандай? Салыстырмалы түрде жазындар.

9. Саяхатшылар туралы жазылған жерді тауып оқындар.

10. Әрекеттерді соң сөзін пайдаланып ретпен айтындар.

Үлгі: Саяхатшылар таудан асқан соң төменге қарай жүрді.

- a) таудан асу, төмен қарай жүру
- ә) төмен қарай жүру, сайдың ұстінен шыгу
- б) сайдың ұстінен шыгу, көлшіктерді көру
- в) көлшіктерді көру, тоқтау
- г) тоқтау, суга шомылу
- ә) суга шомылу, жолға шыгу.

11. Мәтіннен қарамен жазылған сөздерді теріп жазып, сұрақ қойындар.

Үлгі: таудан — нeden?

1. Фонетикалық жаттығулар.

кім — ешкім
не — ештеңе
нәрсе — еш нәрсе
қайда — ешқайда

қалай — ешқалай
қашан — ешқашан
қанша — ешқанша
қайдан — ешқайдан

2. Жаңа сөздерді аударыңдар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырыңдар.

12. Жұмыс дәптерінен 48-жаттығуды орындаңдар.

шолу	жасырыну	суыр	еш нәрсе
ысқыру	тым-тырыс	бейтаныс	жаңағыдай

3. Орысшаға аударыңдар.

Бір сағаттай —
Түс мезгілі —
Үзіліс жариялады —
Тастың артына —
Тастың түбіне —
Жайыла бастады —
Құлап тұсті —

4. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Сыпыру — 1) *подметать*

Үйді сыпыру, ауланы сыпыру. Оқушылар сабақтан кейін көшени сыпырды.

2) *снимать шкуру*

Теріні сыпыру. Аңшы аюдың терісін сыпырды. Олар сиырдың терісін сыпыруға кірісті.

5. Мәтінді оқыңдар.

12. АҚҚАН ҚАН

Тағы бір сағаттай жол жүрген соң, Мәди ағай үзіліс жариялады. Түс мезгілі. Балалар дереу шатыр тігіп, шай әзірлеуге кірісті. Бораш **айналаны** шолып келмекші болды¹. Кенет біреу ысқырып жіберді. Бораш айналаға қарап, ешкімді көре алмады. Ол ары қарай жүрді. Жаңағы ысқырық тағы шықты. Артына қарады, тағы **ешкімді** көрmedі. Сәл тұрды



да, тастың артына жасырынды. Тымтырыс. Еш нәрсе көрінбейді. **Кенет жер астынан² бір суыр шыға келді. Жан-жағына қарады³ да, дәл жаңағыдай ысқырып жіберді. Екінші суыр шықты. Сөйтіп, екеуі жайыла бастады.** Бораш күліп жіберді. Орнынан тұра бергенде, «чын» еткен **дыбысты** естіді. **Енді қараса, бір суыр домалап жатыр. Содан соң екінші суыр да құлап түсті.** Бораштың жүрегі зу етті⁴, тастың түбіне отыра кетті. Біраздан соң ол аздап басын көтергенде, мылтықты **адамды⁵** көрді. **Мылтықты адам суырларды алды да, ары қарай кетті.** Бейтаныс адам дөң асып кеткен соң⁶, Бораш «аңшының» соңынан жүрді.

¹ Шолып келмекші болды — решил разведать окрестность.

² Жердің астынан — из-под земли.

³ Дөң асып кеткен соң — после того, как перевалил за холм.

⁴ Жан-жагына қарады — посмотрел по сторонам.

⁵ Мылтықты адам — человек с ружьем.

⁶ Жүрегі зу етті — сердце ушло в пятки.

6. Рас, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер.

- а) Бір сағаттай жол жүрген соң, Мәди ағай үзіліс жариялады.
- ә) Балалар шатыр тігіп, шай өзірлеуге кірісті.
- б) Кенет біреу ысқырып жіберді.
- в) Кенет Секен ысқырып жіберді.
- г) Мылтықты адам қайдан келді.
- ғ) Мылтықты адам Борашты көрді.

6. Сөйлемдерді аяктандар.

- 1) Тұс мезгілі болғанда
- 2) Біреу ысқырып жібергенде
- 3) Бораш артына қарағанда
- 4) Бораш суырларды көргенде
- 5) Бораштың жүрегі зу еткенде
- 6) Бораш басын көтергенде

- 1) күліп жіберді
- 2) тастың түбіне отырды
- 3) Бораш айналасына қарады
- 4) балалар шатыр тікті
- 5) ешкімді көрmedі
- 6) мылтықты адамды көрді

7. Сұрақтарға жауап беріндер.

- 1) Бораш неге ештеңе тұсінбеді? Бораш неге жасырынды?

- 2) Мәтіннің қарамен жазылған бөлігі не туралы? Суырлар не істеді?
Неге мылтықты адам суырларды өлтірді?
- 3) Неге Бораш тастың түбіне отыра кетті?
- 4) Бораш кімді көрді?
- 5) Бораш қашан «аңшының» соңынан жүрді?

8. Сұрақтарға керекті сөздерді қолданып, жазбаша жауап беріңдер.

1) Табиғатқа зиян келтіру деген не?

Улгі: Табиғатқа зиян келтіру деген — ол көшені ластау, ...

2) Табиғатты қорғау деген не?

Улгі: Табиғатты қорғау деген — ол көшені ластамау, ...

3) Не істеуге болмайды?

Улгі: Көшеге қоқыс лақтыруга болмайды.

4) Не істеу керек?

Улгі: Тазалық сақтау керек.

Керекті сөздер: айналаны ластау, көшеге қоқыс лақтыру, ағаштар отырғызу, гүлдерді жұлу, өртеу, тазалық сақтау, ағаштарды кесу, құстарды, андарды өлтіру, құстарға ұя жасау, бұлдіру, қураған бұтақтарды кесу.

9. Курсивпен жазылған сөздері бар сөйлемдерді орысшаға аударындар, сол сөздерді теріп жазындар және сұрақ қойындар.

Улгі: айналаны — нені?

10. Жұмыс дәптерінен 23, 24, 26-жаттығуларды ауызша орындаңдар.

11. Суретпен жұмыс.

- 1) Суреттен не көріп тұрсындар?
- 2) Суырлар қандай? Суреттендер. (Мынау суырдың мұрны, мынау ...)
- 3) Суреттегі ауа рапы қандай деп ойлайсындар?
- 4) Суретте қандай түстер қолданылған? Аспан (тас, шөп, суырлар) қандай?

1. Фонетикалық жаттығулар.

біреу — біреуі
екеу — екеуі
үшеу — үшеуі
төртеу — төртеуі

бесеу — бесеуі
алтау — алтауы
жетеу — жетеуі

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырындар.

*тастау
қызметкер
зерттеу*

*тақыр бас
тәжірибе
аулау*

*серік
үйілген
осыншама*

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Темекі шегу — курить.

Сасып қалды — растерялся.

Алдына тастады — бросил перед ним.

Тәжірибе жүргіземіз — будем проводить опыт.

Әлгі адам — тот человек.

4. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Шешу — 1) *снимать*

Етікті шешу, пальтоны шешу. Қыз аяқ-киімін шешті де, үйге кірді.

2) деп шешу — *решать*

Келеміз деп шешу, барамыз деп шешу. Саяхатшылар осы жерге шатыр тігеміз деп шешті.

5. Мәтінді оқындар.

13. «ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР»

Бораш «аңшының» артынан білдірмей жүрді. Бір уақытта мылтықты адам шатырдың алдына келіп тоқтады. Шатырдың қасында тағы екі адам жүр екен. Жаңағы «аңшы» екі суырды темекі шегіп отырған адамның алдына тастады. Ол дереу пышақпен суырлардың терісін сыптыруға кірісті¹. Шатырдың айналасында киім-кешек, рюкзактар жатыр. Бір кезде тақыр бас Борашты көріп:

— Эй, балақай, қорықпа, бері кел, — деп шақырды.



Бораш сасып қалды. «Қашайын ба, барайын ба?» — деп ойлады. Сөйтіп тұрғанда, үшіншісі Бораштың қасына келді.

— Қайдан жүрсің?

— Ауылдан.

— Жалғызың ба?

— Жоқ, серіктерім бар.

— Жүр, қорықпа. Біз ғылым академиясында жұмыс істейміз. Тәжірибе жүргіземіз. Зерттеу үшін суыр аулап жүрміз. Бұл тышқандар ауру таратады². Білесің

бе оны? — деп сұрады әлгі адам.

— Білмеймін, сіздер секілді зерттеуші емеспін, — деді Бораш қырсыға.

— Мынау біздің шефіміз — Кеба, — деп таныстырыды ала мәйкілі адамды³.

— Қолымды бере алмаймын, кешір. Ал ана отырған — кіші ғылыми қызметкер Таутан. Қысқаша Тан.

Жан-жағына қараған Бораш үйілген суыр терілерін көрді. «Тәжірибе жасау үшін осыншама көп суыр өлтіру керек пе?» — деп ойлады ол.

— Ал сенің атың кім? Мұнда не істеп жүрсің? — деп сұрады Кеба.

— Ыстыққөлге барамыз. Атым Бораш.

— А... а... а, саяхатшы екенсіндер ғой. Түсінікті.

— Ей, Тан, қонаққа тамақ бер, — деді ала мәйкілі.

— Жоқ, ағай, рахмет. Мен қайтайын, — деді Бораш.

— Әй, сендерде нан бар ма? Бізге нан беріңдер, біз сендерге ет береміз.

— Ет керек емес. Тәжірибеге жаратыңдар⁴, — деп Бораш кетіп қалды.

Лагерьге жеткенде бәрін Мәди ағайға айтып берді.

¹ Суырлардың терісін сыптыруга кірісті — принял снимать шкуры сурков.

² Ауру таратады — распространяют болезнь.

³ Ала мәйкілі адамды — человека в полосатой майке.

⁴ Тәжірибеге жаратыңдар — используйте для опыта.

6. Рас, өтірік немесе білмеймін деп жауап беріндер.

- Бораш «аңшының» артынан білдірмей жүрді.
- Шатырдың қасында тағы бес адам жүр екен.

- б) Шатырдың айналысында киім-кешек, рюкзактар жатыр.
- в) — Зерттеу үшін сұыр аулап жүрміз, — деді өлгі адамдар.
- г) — Балқашқа барамыз, — деді Бораш.
- ғ) Таутан қайдан келді?

Сұрақтарға жауап беріңдер және тапсырмаларды орындаңдар.

7. Қалай ойлайсыңдар: тәжірибе жасау үшін тірі сұырлар керек пе, өлген сұырлар керек пе?

8. Неге «ғылыми қызметкерлерді» браконьерлер деп ойлауға болады? Осыны дәлелдендер.

Біріншіден, ...

Екіншіден, ...

Үшіншіден, ...

9. «Ғылыми қызметкерлер» қандай өтірік айтты? Мәтіннен тауып оқыңдар.

10. «Ғылыми қызметкерлер» нешеу, олар қандай (суреттеу), немен айналысады? Осы туралы қысқаша мәтін құрастырыңдар.

11. Диалогты түрлендіріп оқыңдар.

- Қайдан жүрсің?
- Ауылдан¹.
- Жалғызың ба?
- Жоқ, серіктерім² бар.
- Олар қайда?
- Өзеннің жағасында³.
- Қайда барасыңдар?
- Істықкөлге⁴.
- Жүр, тамақ іш.
- Жоқ, рахмет. Асығыспын. Сау болыңыз.
- Сау бол.

1	2	3	4
қала ...	достар ...	көл ... қасында	Алакөл ...
Ақтау	сыныптастар	ағаш ... жанында	Бурабай ...
Семей ...	көршілер ...	тоғай ... ішінде	Балқаш ...

12. Бораш көргенін Мәди ағайға қалай айтып берді? Әңгімені Бораштың атынан айтыңдар.

1. Фонетикалық жаттығулар.

тоқтату — тоқтату үшін
ұғу — ұғу үшін
айту — айту үшін
көру — көру үшін
айналысу — айналысу үшін

бұрылу — бұрылу үшін
ескерту — ескерту үшін
ашу — ашу үшін
тыңдау — тыңдау үшін
әкелу — әкелу үшін

2. Жаңа сөздерді аударындар, әрқайсысымен сөйлем не сөз тіркестерін құрастырындар.

енжар
қап
салу

мырс ету
міндеп
бұрылу

сыпайы
тоңқалаң асу
боқмұрын

ундемеу
доғару
ескерту

3. Сөз тіркестерін оқындар.

Енжар қалдырмады — не оставил равнодушным.

Терілерді қапқа салып жатты — шкуры клали в мешок.

Сыпайы амандасты — вежливо поздоровался.

Әлтіруді доғарындар — прекратите убивать.

Айтуши болма — не смей говорить.

Соғып жіберді — ударили.

4. Омоним сөздерді ажырата біліндер.

Ақылды — 1) умный

Ақылды қыз, ақылды адам. Марат өте ақылды бала.

Ақыл — 2) ум, совет

Жақсы ақыл, оның ақылы бар. Ол ақылды көп айтады.

Тебу — 1) кататься

Шаңғы тебу, велосипед тебу. Балалар мұзда коньки тепті.

2) пинать

Аяқпен тебу, допты тебу. Есікті тебуге болмайды. Бала допты қатты тепті.


5. Мәтінді оқындар.

14. «ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН» ҚАЙТА КЕЗДЕСУ

Бұл оқиға ешкімді енжар қалдырмады.

— Оларды тоқтату керек, — деп шешті саяхатшылар.

Сөйтіп, я олар жолға шықты. Саяхатшылар келіп жеткенде, «ғылым-



ми қызметкерлер» қызу жұмыс үстінде еді¹. Олар терілерді қапқа салып жатты.

— Сәлеметсіздер ме? — деп сыпайы амандасты Мәди ағай.

«Ғылыми қызметкерлер» сасып қалды. Біраздан соң Кеба:

— Мынау Бораш қой. Өзі ашулы. Не болды, балақай? — деді.

Бораш үндемеді.

— Мәселе былай², — деді Мәди ағай, — жазықсыз³ аңдарды өлтіруді доғарындар. Соны айту үшін келдік.

Кеба мырс етті:

— Ей, Макаренко, сен ондай ақылыңды мына боқмұрындарыңа айт, үқтың ба? — деп гүрілдеді.

— Жарайды, ендеше. Біздің міндетіміз ескерту. Сау болыңыздар, — деп Мәди ағай балаларға бұрылды.

— Әй, Макаренко, тоқтай тұр! — Кеба Мәди ағайды жағасынан алды⁴. — Бізді көрдім деп біреулерге айтушы болма. Үқтың ба?

...Кеба Мәди ағайды соғып жіберді. Ағай шалқасынан құлады⁵, бірақ тез орнынан тұрды да, Кебаны аяқпен бір тепті. Кеба бүктеңіліп қалды. Өзіне қарсы жүгірген ала мәйкіліні де аяқпен бір тепкенде, ол тоңқалаң асты. Таутан мұны көріп, шатырдан пышақ алып шықты.

— Қашындар! — деп айқайлады бізге Мәди ағай. Ол каратәмен айналысқан. Бір-екі минуттан кейін үшеуі де жерде жатты⁶.

¹ Қызу жұмыс үстінде еді — работа кипела.

² Мәселе былай — дело вот в чем.

³ Жазықсыз — безвинных.

⁴ Жағасынан алды — схватил за ворот.

⁵ Шалқасынан құлады — упал на спину.

⁶ Үшеуі де жерде жатты — все трое лежали на земле.

6. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. *Ras, өтірік немесе білмеймін* деп жауап беріңдер.

- Кеба, Тан, «аңшы» ғылыми қызметкерлер.
- Зерттеу үшін көп суыр өлтіру керек.
- Жазықсыз аңдарды өлтіруді доғарындар, — деді Мәди ағай.
- Браконьер Мәди ағайды соғып жіберді.

- г) Мәди ағай шалқасынан құлады.
- ғ) Мәди ағай неше жыл каратәмен айналысты?
- д) Балалар жылады.

7. Сөйлемдерді логикалық реттілікпен оқып беріндер.

